



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

student jastar gazetі

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№11 (436) 29 желтоқсан,
2022 жыл



Қадірлі әріптестер, жалынды жас достар!

Міне, жылдар тоғысында тұрмыз. Ежелден еліміз «Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл жарылқасын» дейді. Осынау қанатты сөз өткен мен бүгіннің бағасы секілді.

Жасыратыны жоқ, жыл басы баянсыз басталып, қаһарлы қаңтар қанды қырғынды бастан кешірді. Ел дел-сал күй кешті. Қазақ мұндайда «басы қатты болса аяғы тәтті болады» деп жұбанып, алдағы күнге қуанып, келешекке үміт артады. Сенім ақталды. Барыс жылы берекеге ұласты.

Біздің Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 85 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өтті. Бұл да бір жетістіктің көрсеткіші.

Өңірде өміршең істер, жарқын жобалар жүзеге асып жатыр. Табысқа бастаған тандаулы жұмыстар әлі де жалғасын таба береді.

Жылжабар шақтың шуағында баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтап, әрбір отбасына шаттық, қуаныш, бақыт тілеймін! Алдағы Қоян жылы қадамымыз құтты, ұрпағымыз ұлағатты, өміріміз берекелі, еліміз тыныш, еңбегіміз ырысты болсын!

Құттықтаймыз!

Барыс жылындағы маңызды оқиғалардың бірі, оқу орнының алдағы 5 жыл мерзімге халықаралық институционалдық аккредиттеуден өткендігі.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі (АРТА) Аккредиттеу кеңесі отырысының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен тиісті талаптарға жоғары деңгейде сәйкес деп танылды.

Университет оқытушыларын, қызметкерлерін және білім алушыларын бірлескен қызметтің нәтижелі жемісімен құттықтаймыз!

Нөмір нақылы:

ЖАҢА ЖЫЛДАН ЖАҚСЫЛЫҚ



Сүйінші

Барыс жылының университетіміздің мерейтойына арналған тартуы толастар емес. Ғалымдарымыздың дәрежелерінің жоғарылауы оқу орнының беделін өсіре түсетіні сөзсіз.

-Университетіміздің аға оқытушысы Дүйсекеева Нұргүл Жалелатдинқызы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша 04.11.2022 жылы философия докторы (PhD) дәрежесін алды.

-«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Диссертациялық кеңестің қорытындысы негізінде «6D040500-Дирижерлеу» білім беру бағдарламасы бойынша Әмзе Мүслім Балтабайұлына 05.12.2022 жылы философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

-Аға оқытушы Г.Мұсаева 06.10.2022ж. РФ Бүкілресейлік Еңбек ғылыми – зерттеу институтының диссертациялық кеңесінде «Экономика және халық шаруашылығын басқару» білім беру бағыты бойынша кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты.

-Университеттің Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша про-

ректоры Абдрашева Дана Мейрамқызы Гонконг педагогикалық университетінде (Education University of Hong Kong - EdUHK) «Қазақстандағы жоғары білім беруді интернационалдандыру» тақырыбында 21.12.2022 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Инженерлік бейіндегі зертхананың ғылыми қызметкері Тұрманов Рахымжан Ахметханұлы РФ Қазан ұлттық технологиялық зерттеу университетіндегі Диссертациялық кеңесте 23.12.2022ж. кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен 18.05.2022ж. «Агрономия» мамандығы бойынша Тохетова Лаура Ануарқызына профессор, 24.11.2022ж. «Химия» мамандығы бойынша Ақылбеков Нұрғали Икрамұлына; «Тамақ өнеркәсібі өндірісінің технологиясы» мамандығы бойынша Смаилова Жұлдыз Жолдасқызына қауымдастырылған профессор ғылыми атақтары берілді.

Білім көшін алға жылжытып келе жатқан әріптестеріміздің құрметі қашанда биік! Сіздерге шығармашылық ізденістеріңіз шыңдалып, ғылыми жаңалықтарыңыз мол болсын деген жүрекжарды лебізіміз бар. Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз!

Білгенге маржан

Қояндар алдыңғы табанымен барабанның даңғырын шығару арқылы, бір-бірімен сөйлеседі.

-Оларға берілген «қисық» деген лақап атқа қарамастан, шын мәнінде қояндар қыли емес. Қоянға қыли деген атауды аңшылар бұралаңдаған жылдам жүгірісі мен ізді шатастыру әдетіне байланысты берген.

-Айтпақшы, қояндар жүгіру кезінде

себеппен себепсіз бұралаңдамайды. Олардың сол және оң жақ артқы аяқтары туғаннан асимметриялы болып келеді.

-Қауіптен қанша қашса да, қояндар өзінікі деп есептейтін аумақты тастап кетпейді.

-Қояндар қажет болғанда, колобок тәрізді жылжу арқылы төмен қарай тез түсе алады.





*Абдрашева
Дана
Мейрамқызы*

УНИВЕРСИТЕТКЕ ҚЫЗМЕТКЕ КЕЛУІМ МЕНІ ЕРЕКШЕ ШАБЫТТАНДЫРДЫ

Биылғы жылы университет басшылығының құрамына Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Абдрашева Дана Мейрамқызының келуі университетке көптеген оң өзгерістер әкеледі деген үміт бар. Оның бойындағы заман талабына сәйкес келетін қабілеттері оқу ордамыздың даму бағытын жаңа арнаға бұрады деген сенім мол.

Жылды қорытындылар тұста Дана Мейрамқызымен сұхбаттасудың сәті түскен болатын.

-Биылғы жылы қандай жетістікпен мақтанасыз?

-Менің өмірімде биыл жетістіктер жылы болды. Ең бастысы, Гонконг педагогикалық университетінде (Education University of Hong Kong - EdUHK) докторлық диссертациямды қорғадым. Көп уақыт күткен еңбегімнің нәтижесіне жеткеніме ерекше қуаныштымын.

-Осы жылы сізді шабыттандырған оқиға?

-Қанаттандырған жайт деп университетке қызметке келгенімді айтар едім. Академиялық ортада ұжыммен бірлесе, бір бағытта жұмыла еңбек ету, жетістіктерге бірге қуану мені шабыттандырды. Маған көп ретте демеу болды.

-Биыл сіз үшін ең қызық болған тақырып?

-Биыл біз бір жобаға тапсырыс бергенбіз. Жоба қолдау тауып, сол тақырып менің қызығушылығымды оятты. Ол «Үйдегі интернационализация» аясындағы ғылыми жоба. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіру барысында ізденетін боламыз.

-2022 жылы қандай жаңа іс бастадыңыз?

-2022 жылы Сыр еліне келіп, университетте жұмысты бастадым. Жаңа лауазымда, жаңа жауапкершілікпен, жаңа ұжыммен және мен үшін жаңа аймаққа келуім өміріме жаңа өзгерістер енгізуде.

-Осы жылға жоспарлаған барлық нәрсені орындадыңыз ба?

- Бұл жағынан ұяттымын. Негізі, бір кітапты бір айда оқып шығатын жоспарым болған. Ол орындалған жоқ. Және жаңа бір тілді үйренгім келген. Ағылшын тілін білемін.

Француз тілін жетік меңгеремін деген ойым да жүзеге аспады.

-Қандай жеке қасиетіңізді дамытып, күшейту керек деп ойлайсыз?

-Шыдамдылықты көбірек күшейту керек. «Білім - инемен құдық қазғандай» десек, білім, ғылым саласында жұмыс жасау асқан мықтылықты қажет етеді. Докторлық қорғаған сәтте жетекшімнің айтқан тілегі де осы болды. Ол кісі: Бәрін сабырлықпен жеңіп шығасыз - деген еді.

-Қоян жылын қандай үмітпен қарсы аласыз?

-Жоспарланған жұмыстарымды толықтай межесіне жеткізуге тырысамын. Алдағы жылы оқу ордамызда Сеул ұлттық ғылым және технология университетінің филиалы ашылатынына сенемін. Қазірде бірлескен білім беру бағдарламаларын ашу бағытында серіктестік жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, дипломым қолыма тиеді деп үміттенемін. Өйткені, қорғағаннан кейін дипломды бір жыл көлемінде алатын ережелері бар. Аталған шаруалар іске асса өте жоғары деңгейдегі жұмыстардың біріне қол жеткізер едік.

-Рақымет!



УНИВЕРСИТЕТ ҒАЛЫМДАРЫ ЖАҢАЛЫҚ АШЫП, ӘЛЕМДІ ДҮР СІЛКІНДІРСЕ - МАҒАН ҮЛКЕН СЫЙ ЖАСАР ЕДІ

*Бөрібаева
Майнұр
Әбілтайқызы*

Университеттің Басқарма мүшесі - ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Бөрібаева Майнұр Әбілтайқызы Сыр жұртшылығы үшін жаңа есім. Десек те, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті секілді еліміздегі беделді жоғарғы оқу орындарында жауапты қызметтер атқарған кейіпкеріміз жүктелген іске бірден кірісіп кеткені соншалық, айналасындағылар да оны жатырқамастан бірден үйренісіп алды. Барыс жылының соңғы сәттерінде келгеніне көп бола қоймаса да, қашанда істің бел ортасында жүретін Майнұр Әбілтайқызымен де әңгімелесудің сәті түскен болатын.

-Сіз не үшін немесе кімге ризасыз?

-Ең алдымен, мені өмірге әкеліп тәлім-тәрбие берген ата-анама ризамын, одан кейін - ғылымға баулып, артынан ертіп мені шәкірт қылған, өмірлік ұстазыма айналған ғылыми жетекшім филология ғылымдарының докторы, профессор, А.С.Пушкин медалінің иегері, қазірде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Нұрсұлу Жамалбекқызы Шәймерденоваға ризамын.

-Жаңа жылдан қандай сыйлық күтесіз?

-Өзім қазір қызмет жасап жүрген Қорқыт

Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары жаңалық ашып әлемді дүр сілкіндірсе екен деймін.

-Есте қалған ең жақсы сәт...

-2022 жылы есте қалған сәттер өте көп, оның ішінде достарыммен өткізген сәттер бар, әріптестеріммен бірлесіп жұмыс жасаған сәттер маған өте ыстық. Өйткені, «сәттер өтіп бара жатыр» демекші, бірге арман қуған армандастарымды сағынамын, ал олармен бірігіп атқарған жобаларды ерекше санаймын...

-Қандай мәселені сәтті шештіңіз?

-Сәттілік менің серігім десем көз тимейтін шығар, қандай да болмасын мәселені ақыл-оймен, сабырлықпен шешуге тырысамын. Сондықтан барлық мәселелер сәтті шешіліп келе жатыр.

-Өткен жылдың қай сәті есіңізге түскен сайын сізді күлдіреді?

-Ұшақтың уақытын ауыстырып аэропортқа бір күн бұрын барып алған сәт күлдіреді, көшеде келе жатып туфлидің каблуғы сынып қалғаны күлдіреді.

-Не туралы армандайсыз?

-Университетіміз QS рейтингінде ТОП-200 ЖОО қатарына кіріп ең алғашқы «өңірлік зерттеу университеті» болса екен - деп армандаймын.

-Осы жылға сәйкес келетін нақыл сөзіңіз бар ма?

-Ақырын жүріп анық бас

-Рақымет!

Білгенге маржан



Жаңа жыл мерекесі жайында қызықты деректер:

-Үйге жаңажылдық шыршаны әкеліп, безендіру адамзат баласына 150 жыл бұрын бұйырған екен.

-Жаңа жылды орыс патшалығы үш ғасыр бұрын 1 қыркүйек күні атап өткен. Тек I Петр келген соң, 1 қаңтарға ауыстыруға үкім шығарған.

-АҚШ-та Ақ Үй алдында алғаш рет 1895 жылы шыршаға ілінген электрлі түрлі-түсті тізбек жанған.

-Кеңес кезінде түсірілген «Тағдыр тәлкегі немесе жеңіл буыңызбен!» («Ирония судьбы, или с легким паром») киносы теледидарда 31 желтоқсан сайын 35 жыл бойы үзбей көрсетіліп келе жатыр.

-Жаңа жылда отшашуды не үшін пайдаланатынымызды білесіз бе? Бұл дәстүр Азияда қалыптасқан. Фейерверктің шу мен оттарынан жамандық атаулы қашады деп есептеген.

-Бразилияның астанасы Рио-де-Жанейро қаласына әлемдегі ең биік шырша орнатылған. Оның биіктігі - 76 метр.

-Аяз Атаның немересі болған Ақшақар тек 20-ғасырдың 50-жылдарында ғана «дүниеге келген».

-1516 жылы Англияда Генрих VIII-нің үйінің есік алдына құрылған шырша алтыннан құйылған.

-Жаңажылдық шыршаны безендіру ең алғаш Эльзас (сол кездерде Германия құрамында болған, қазір Франция елінде) қаласында бастау алған. Безендіру үшін түрлі-түсті қағаздардан раушан гүлдерін жасаған. Шырша бұтақтарына алма, печенье, шақпақ канттар мен жылтырақ әшекейлерді ілген.



Уразбаев Нұрлан Жеткергенұлы

БИЫЛҒЫ ЖЫЛ МАҒАН ҮЛКЕН САБАҚ БОЛДЫ

Көпшілік арасында «сөздің емес, істің адамы» ретінде таныс университеттің Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректоры Нұрлан Жеткергенұлы ең жауапты саланың тізгінін ұстап отырған жан. Қолға алған шаруаны жоғары деңгейде нәтижеге жеткізетін Уразбаев Нұрлан Жеткергенұлымен жаңа жыл қарсаңында арнайы «Сыр түлегі» газетінің оқырмандары үшін жасаған сұхбат нұсқасын назарларыңызға ұсынамыз:

-Биылғы жылы қандай жаңа таныстықтарды атап айта аласыз?

-Көптеген жас әріптестерім жұмысқа келіп, университеттің қызметкерлер құрамында жаңа буын жастар көбейгеніне өте қуанамын. Солармен танысып білісіп, «ақыл - жастан» демекші, олардың креативті ойларымен бөлісіп жатқанына көңілім толады. Қызмет ағымы да жаңа арнаға түсіп жатқанына ризашылығым зор.

-Келесі жылға қандай істерді кейінге қалдырдыңыз?

-Кейбір оқу ғимараттарында жүргізілетін жөндеу жұмыстары келесі жылға қалып отыр.

Дәлелді себептер бар. Одан басқа материалдық-техникалық базаны жаңартуға байланысты да кей шаруалар алдағы жылдың еншісіне шегерілді.

-Балаларыңызға биылғы жылдың қандай оқиғасы туралы атап айтар едіңіз?

-Балалар әрдайым ағылшын тілін меңгеру, компьютерді игеруге тиянақты мән беруі қажет. Осы тұста тағы бір ойландыратын мәселе, жас буынның көп уақытын смартфондарға жұмсайтыны. Байқаймын, қазірде жастар жаратылыстану ғылымдары математика-физикаға белсенді емес. «Математика-ғылымдардың патшасы» деп бекер айтылмайды. Жалпы, облыстық көрсеткіш бойынша математика - физикаға балаларымыз аса көңіл бөлмейді. Содан да логикалық ойлау қабілеттері төмен болып жатады. Өскелең ұрпақты осы тұрғыда дамытуды ойластырған жөн.

-Жеке қасиеттеріңіздің қайсысы ең пайдалы және сұранысқа ие болды?

-Адам баласы атқаратын қызметіне қарай икемделеді ғой. Біздің қызметте шыдамдылық, сабырлық «жеті рет өлшеп, бір рет кесетін»-қасиет ауадай қажет. Соның өзінде де, кейде, қателіктер орын алып жатады.

-Осы жылдан сіз қандай сабақ алдыңыз?

-Биылғы жыл маған үлкен сабақ болды. Әсіресе, үлкен кісілердің жанашыр кеңесіне құлақ асу керектігін түсіндім. Көп ретте қателесіп жататынымыз үлкендердің әңгімесін зер салып тыңдамаудан болатынына көз

жеткіздім.

-Биылғы жылдың еңбектегі басты жетістігі қандай болды?

-Университетіміздің дәрежесі әлемдік рейтинг критерийлеріне лайықты деп бағалануы, сонымен қатар, 85 жылдық мерейтойды ойдағыдай өткізу биылғы жылдың ең жағымды сәттері. Және біздің оқу орнын таңдаған студенттер санының жыл сайын көбеюі-зор жетістік. Университет бюджетінің ұлғайғаны да өз алдына қуаныш. Студенттеріміздің республикалық, шетелдік додаларда жеңіске жетіп жатқандығы, бірқатар әріптестеріміз профессор, салалық академияның академиктері болып деңгейі өскеніне, танымалдылығы артқанына мерейіміз өсіп отырады. «Болашақ» бағдарламасымен біраз әріптестеріміз шетелдік ЖОО-да тәжірибе алмасуы, оқу орнында «Түлектер форумы» өтіп, «Эндаумет» қоры, «Түлектер ассоциациясы» құрылғаны қуанышты жайттар. Себебі, шетелдік тәжірибеде университетті жалғыз басшылар емес, қоғам басқаруы керек, барынша қоғамға тиімділігін арттыру қағидалары басшылыққа алынады. Дамыған елдердің ЖОО-қатарына ену мақсатында біз де мұны ескеруіміз керек.

Ал, мына босағамыздан енгелі тұрған жаңа жылда университеттің жалпы құрамына мол табыстарға толы жақсы жаңалықтар мен армандарына жетер жолдары ашық болсын деген жылы лебіздерімді жеткізім келеді.

-Рақымет!



Базартай Жандос Нұртайұлы

МЕН ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН СЫЙЛЫҚ – АТА-ӘЖЕМНІҢ БАТАСЫ

Дана халқымыз адамның болмыс-бітімінің қалыптасу кезеңдерін де түрлі сипатта айтып қалдыра берген. Айталық, ел аузында «Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмас» деген сөз бар. Осы тұрғыда ер-азаматтың даму өлшемдеріне сәйкес өзінің өмірлік жолын нақтылап, жас та болса бас болып жүрген университеттің Басқарма мүшесі - Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Базартай Жандос Нұртайұлына жылды қорытындылар тұста сұрақтар жолдаған едік. Жандос Нұртайұлының жауаптарын оқырмандар назарына ұсынамыз.

-Биылғы жылдың оқиғалары туралы кітап жазғыңыз келсе, қай жанрды таңдар едіңіз?

Комедия, махаббат хикаясы, драма, қорқыныш немесе басқа нәрсе?

-Саламатсыз ба! Өте қызықты сұрақ. Мен басқа жанрды таңдар едім. Мысалға тарихи жанрды. Себебі биылғы жылда еліміз үшін көптеген тарихи оқиғалар мен өзгерістер орын алды. Еліміздің Атазаңына түзетулер топтамасы референдум шеңберінде бүкілхалықтық дауыс беруге шығарылды. Бұл өз кезегінде еліміздегі саяси жүйені қайта құру үшін, көптен күткен шараларды қамтып, қоғамның мемлекетпен өзара іс-қимылы форматтарын жаңартуға деген сұранысты қанағаттандырды. Сонымен қатар, Президент сайлауы өткізілді. Бұл науқанда да халқымыз өзінің жарқын болашағы үшін дауыс беріп, таңдауын жасады. Жалпы халық үшін тиімді көптеген шешімдердің қабылдануы

- 2022 жылды Отанымыз үшін Әділетті Қазақстан құру жолындағы саяси реформалар жылы десек болады.

-Жаңа жылда ерекше құттықтаумен кімді құантқыңыз келеді?

-Әрине ата-анамды. Себебі ата-анамның берген тәрбиесінің арқасында өсіп-өніп, биіктерге талпынып келемін. Сол себепті мен үшін ата-анама көрсеткен құрметтен артық қуаныш жоқ.

-Сіз үшін осы жылдың басты жаңалығы қандай болды?

-Мен үшін осы жылғы басты жаңалық – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Президенті қызметіне ресми кірісудің салтанатты рәсіміне қатысуым болды. Себебі еліміздегі миллиондаған, облысымыздағы жүз мыңдаған адамдардың ішінен шақыру алып, тарихи сәтке куә болу – бұл үлкен мақтаныш пен жауапкершілік. Бұл сенім мені одан сайын Отанымызды дамыту үшін аянбай еңбек етуге жігерлендіреді.

-Биылғы жылғы ұмытылмас сәт...

-Биыл Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 85 жылдық мерейтойды атап өтті. Бұл шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің арнайы келіп қатысуы, түрлі форматтағы шаралардың ұйымдастырылуы, сол маңызды оқиғалардың ортасында жүру, атсалысу мен үшін өте әсерлі әрі өмірімде алтын әріптестермен жазылатындай сәттер болып қалды.

-Жаңа жылға сіз алған ең құнды сыйлық қандай?

-Енді әр кезде әр түрлі сыйлықтар алып жүрмін. Балалық шақтағылар бөлек әрине. Қазіргі кезде көбінесе пайдалануға қажетті дүниелер береді. Жалпы мен үшін жыл сайын әулетімізбен Жаңа жылда ата-әжемнің үйінде жиналғанда барлығы түгел отырып, үлкендерден бата алсақ содан артық сыйлық

жоқ. Себебі бата қорғап жүреді, жолыңды ашады.

-Алдағы жылдан не күтесіз?

-Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп дейді ғой. Ең бастысы - амандық. Денсаулық болса, қалғандардың барлығына еңбекпен жетуге болады. Не нәрсе болса да күтіп отырғанмен келе қоймайды. Барлық армандарға тек қана нәтижелі жұмыспен жетуге болады. Жаңа жыл барлығымызға қуанышымен келсін!

-Рақымет!

Білгенге маржан



-Қояндар мысық пен иттен кейінгі, ең танымал үй жануары.

-Қояндарды Антарктидадан басқа, барлық материктерде кездестіруге болады.

-Шын мәнінде, қояндар етпен де қоректенеді.

-Олар 70 км/сағ жылдамдықпен жүгіре алады.

-Қоянның індерінің тереңдігі – 3 метрдей, сондай-ақ, бірнеше бөлмеден тұрады.

-Ең үлкен қоян шамамен 12 миллион жыл бұрын өмір сүрген. Оның салмағы – 15 килограмм болған.

-Қояндар тез көбейеді, олар бір дегенде 8-20 бала туады.

-Қоянды ұстап алсаңыз, оның жүрегі қатты қорыққандықтан жарылып кетуі әбден мүмкін.

-Орташа өмір сүру ұзақтығы – 8-9 жыл.

-Жер бетінде, қоянның 30-дан астам түрі өмір сүреді.

Университетіміздің 85 жылдық мерейтойы - тарихи оқиға

Жыл ауысар тұста кім-кімде болсын бей-жай қалмасы анық. Жаңа жыл мерекесі сонысымен де ерекше. Осы орайда университет көшін бастап жүрген институт директорлары арасында жылды қалай қорытындылағаны жайында «Сур түлегі» газетіне сауалнама ұйымдастырған едік.

-Биылғы басты мақсатыңыз қандай еді, оған қол жеткізе алдыңыз ба?

-Осы жылы бұрын ойыңызға да келмеген оқиғалар болды ма?

-Араға жылдар салып 2022 жылды қалай еске алар едіңіз?

БИЫЛҒЫ МАҚСАТТАРЫМА 100 ПАЙЫЗ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІМ

«Жаратылыстану» институтының директоры Қосанов Самалбек Оразбайұлы:

1. Биылғы мақсаттарымның негізгісі «Болашақ» бағдарламасымен шетелдік тағылымдамадан өтіп келу болатын тұғын. Тағылымдаманы сәтті аяқтадым. Мәскеу қаласындағы Ресей мемлекеттік ауылшаруашылық университеті - К.Тимирязов атындағы ауылшаруашылық академиясында 3 айлық тағылымдамадан өтіп келдім. Екінші мақсатым, университетіміздің 85 жылдығы қарсаңында «Жаратылыстану» институты оның ішінде, №9 оқу ғимаратында демеушілердің көмегімен 4 дәрісхана толық күрделі жөндеуден өтіп заманауи жабдықталған зертхана, ғылыми орталықтар ашылды. Осы мәселеге байланысты «биыл үлгереміз бе?» - деп қатты аландырушылық болды. 2-ші желтоқсан күні 3 дәрісхана және 5-ші желтоқсан күні 1 дәрісхананы, ғылыми орталықтарды аштық. Басты мақсаттарым осы болатын. Және оған 100 пайыз қол жеткіздік. Соған өте қуаныштымын.

2. Биылғы ойламаған жағдай, менің жеке отбасылық өмірімде болды. Отбасымызбен бірінші рет Қырғызстандағы атақты «Шопан ата» шипажайына демалысқа барып келдік.

3. 2022 жылы 2 сайлауды өткіздік. 2 сайлауда да сайлау учаскесінің төрағасы болдым. 5 маусым күні бүкілхалықтық референдум, қараша айының 20-сы күні президент сайлауы болып өтті. Және бұл жылды еске алатын оқиға университетіміздің 85 жылдық мерейтойына дайындық жұмыстары. Әсіресе, біздің Жаратылыстану институты жақсы жетістіктермен жеттік, мерекені жоғары деңгейде өткіздік. 2022 жыл осындай оқиғалармен есте қалады.

НЕСІБЕН НИЕТІҢЕ СӘЙКЕС БОЛАДЫ

Экономика және құқық институтының директоры Құлмурзаев Нұрлан Серікұлы:

1. Адамда мақсат тек қызметке қатысты емес, отбасында да болады. Жалпы алғанда, басты мақсат ол аман-есен жылды қорытындылау. Міне, жаңа жылға санаулы күндер қалды. Ол мақсатқа жеттік деп ойлаймыз. Егер мақсаттарға жеке-жеке

тоқталатын болсақ, орындалғаны да бар, қол жетпегендері де бар. Барлық нәрсеге бірден жету бұл да дұрыс емес. Өйткені, алдына қойған мақсатқа бірден жете берсе адамда ынта жоғалады. Сондықтан, адам болғасын қателесу керек. Қатеден сабақ алған абзал. Десе де, ойлаған мақсаттардың біршамасына жеттім.

2. Бұл жылы жеке өмірімде де, қызмет барысында да күтпеген оқиғалар болды. Негізінде, ойлар адамдардың еңбегімен, табандылығымен келеді. Ешқашан бірнәрсемен шектеліп қалуға болмайды. Яғни, келешектен көп нәрсені күту керек және соған дайын болу керек. Несібен ниетіңе сәйкес болады.

3. Биылғы жылы әрине бірінші кезекте Қорқыт Ата университетінің 85 жылдығымен есте қалады. Жеке өмірімде де көптеген оқиғалар бар. Солар еске түсер еді. Бұл уақыттар оңай жылдар емес. Мемлекетіміз пандемиядан кейін қайтадан аяққа тұру керек. 2022 жылы әлемде көптеген оқиғалар болып жатыр. Жан-жақтағы соғыстар, әлемдік карта жылжып жатыр. Бүкіләлемдік шахматтық тақтайшадағы өзгерістер өте көп. Бұл жыл осындай елеулі естеліктерімен есте қалады.

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ 85 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН АЙТЫП ЖҮРЕТІН БОЛАМЫН

Педагогика және дәстүрлі өнер институтының директоры Мирманов Науа Бахаутдинұлы:

1. Алға қойылған институтымыздың, университетіміздің стратегиялық дамуына арналған жоспарларым өте көп. Ал өз мақсатым: докторантураға оқуға түсу. Алдағы уақытта міндетті түрде қол жеткіземін.

2. Әйтсе де, екі жылға жуық уақыт адамзатты әбігерге салған пандемия 2022 жылға арналған жоспардың күл-талқанын шығаруы мүмкін. Өйткені індет әлі саябырсыған жоқ. Оның үстіне әлем елдерінде жаңа «микрон» штамы тарала бастады. Одан бөлек айтулы қаңтар оқиғасы жалғыз менің емес, барша халықтың есінде қалатын уақиға болды деп есептеймін.

3. Ең бастысы елімізде Президент сайлауы өтіп, Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты халық болып сайладық. Одан бөлек білім мен ғылымның, өнер мен мәдениеттің қара шаңырағына айналған білім ордасы университетіміздің 85 жылдық мерейтойын әрдайым айтып жүретін боламын.

ИНСТИТУТ ДИРЕКТОРЫ БОЛАТЫНЫМДЫ КҮТПЕДІМ

Инженерлі-технологиялық институтының директоры Абжалелов Бақытбек Байдосұлы:

1. Қазір қарап отырсақ, білім

алушылардың саны жылдан-жылға артып келеді. Институттың стратегиялық жоспарына сәйкес те студенттер қатары артатыны белгілі. Одан өзге 2-3 бағыт бойынша докторантура ашу жоспарда бар, меніңше қол жеткіземіз деп ойлаймын.

2. Негізі 2016-2019 жылдар аралығында Инженерлі-экологиялық факультетінің деканы болдым. 2019-2022 жылдары Инжинирингтік технологиялар кафедрасында жұмыс жасадым. Ал, 2022 жылдың қыркүйек айында Инженерлі-технологиялық институт директорылығына тағайындалдым.

3. Аман есен аккредитациядан өттік, Университетіміздің 85 жылдық мерейтойын керемет деңгейде өткіздік. Осындай оқиғалармен есте қалады.

Білгенге маржан



-Жаңажылдық шыршаны безендіруге арналған әйнек шырша шары ең алғаш XVI ғасырда Тюринги қаласында жасалған. Осындай тағы басқа шырша ойыншықтары тек XIX ғасырда ғана жаппай

өндіріле бастаған. Шыны ұсталары әйнек ойыншықтар жасаса, көмекшілері картон қағаздан қоңырау, жүрек, жануарлардың бейнелерін, шар, шырша бүршігін, жаңғақ сынды түрлі бейне қиып, ашық түстермен бояған.

-Италияда жаңа жылдық түні ескі киімдерді терезеден тастау дәстүрі бар. Яғни, киім, ыдыс, тіпті жиһаздан да құтылуға асығады екен. Неғұрлым көп заттардан құтылсаң, жаңа жылда соғұрлым байлық пен табысқа кенелесің деген ырым бар.

-Таиландта жаңа жыл 1 қаңтар күні бейресми түрде тойланады. Ал ресми тойлауы сәуірде өтіп, су атыспен жалғасады екен.

-Тибет жерінде жаңа жыл қарсаңында бәрі бәліш жасап, елге таратады. Байлықтың көлемінің кепілі таратқан бәліштің санына байланысты болады екен.

-Шыршаның астында сыйлықтарды қалдыру дәстүрі XVIII ғасырдан бастау алады.

-Ресей зейнетақы қоры Аяз атаға «ертегілік еңбек ардагері» атағын беріпті.

-1903 жылы «Малютка» балалар журналының жаңажылдық санында шыққан Раиса Адамовна Кудашеваның «Елочка» өлеңі екі жылдан кейін Леонид Карлович Бекманның әуенімен бәріне танымал «В лесу родилась елочка» әні болып шықты.

-Эскимостар жаңа жылды қар жауған күннен бастап санайды.

-Кубада үйдегі барлық ыдысты сумен толтырып, жаңажылдық түні далаға төгеді. Бұл олардың өзіндік жаңажылдық ырымы саналады. Бұл әрекет – барлық күнәлерді жуып, шаю үшін жасалады екен. Кубада жаңа жыл – Патшалар күні деп аталады.

-Грекияда отағасы үйдің қабырғасына анарды жарады. Оның жан жаққа ұшқан дәндері – сәттіліктің белгісі саналады екен.



**Ахатаев
Нұрлыбек
Ақарыстанұлы**

ӨСКЕМЕННІҢ ТҰМСА ТАБИҒАТЫ ШВЕЙЦАРИЯНЫ ЖОЛДА ҚАЛДЫРАДЫ

-Осы жылы сізге қандай кітап немесе фильм әсер етті?

-Жорж Санд-Консуэло деген кітапта бір әнші кедей қыз туралы айтады. Ол қыз - нағыз адал, еш арамдығы жоқ. Өмірде байлық, атаққа қызықпай, қарапайым әншінің өмірін сүргісі келеді. Көптеген өмірдің қиындықтарын көріп, өзінің адал, шыншылдығының арқасында барлық қиындықтарды жеңіп шығады. Өмірде тек сабырлық пен шыншылдықтың арқасында өрге жүзетінін айтады бұл кітап. Ал фильм туралы айтсам, кәдімгі өмірден алынған, бейсбол командасының менеджері Билли Бинаның шынайы оқиғасы туралы фильм. Менеджердің командасындағы барлық адамдар оқыс апаттан қайтыс болады. Ол қайта команда жинау үшін көп еңбек етеді. Оған ешкім сенбесе де, ол өзіне сенімді болды. Фильм тек спорт жайлы емес, сонымен қатар өмірде екінші мүмкіндіктің болатынын, оны тиімді пайдалану керектігін, адамдардың сан қырлы таланты болатынын көрсетеді. Өмірде таңдау жасаудан қателеспеу қажеттігін, өзінді және басқаны да өзгерте алатындығын үйретеді. Киноның аты – «Человек, который изменил все».

-Хоббиіңіз қандай?

-Адам – ең ерекше құбылыс дегендей, адамдардың хоббиі де өзгеріп отыратын нәрсе ғой. Мен қазіргі таңда көбінесе интернеттен қызықты ақпараттар іздеп, энциклопедиялық мәліметтерді оқығанды ұнатамын.

-Естуімізше, саяхаттағанды ұнатады екенсіз. Биылғы барған ең ерекше жер қандай, әсеріңізбен бөліссіз бе?

-Иә, саяхаттаған қатты ұнайды. Дегенмен, бұрын көптеген шет елдерде немесе

еліміздің бірқатар аймақтарына іссапармен барып жүрген маған соңғы жылдары пандемия кесірінен өз қаламыздың айналасындағы табиғатқа шығып тұруға тура келген еді. Бірақ, биылғы жылы университеттің ғылыми жобаларын коммерцияландыру бағытында тәжірибе алмасу үшін Шығыс Қазақстанға, Өскемендегі әріптестерге барудың сәті түсті. Алғаш баруым, бұрын тек жазушылардың тамсандырып кітапта суреттеген жерлерін көзбен көріп, аяқпен басып келдім. Әсіресе, Бұқтырма су қоймасын моторлы қайықпен аралағаным есімнен кетпейді. Тұмса табиғаты Швейцарияны жолда қалдырады ғой шіркін...

-Келер жылға жұмыста немесе жеке өміріңізде қандай мақсаттар қойып отырсыз?

-Дұрыс, мақсатсыз өмір - өмір емес. Мақсатым, жаңа әрі әділетті Қазақстанды құру ісінде аянбай еңбек ету, сонымен қатар университетіміздің ғылыми жобаларының санын арттыру, жас мамандар даярлау ісіне және қауымдастырылған профессорлар қатарын толықтыруға жеке үлес қосу.

-Жаңа жылда кіммен көбірек уақыт өткізіңіз келеді?

-Мен үшін жаңа жыл отбасылық мереке. Қуанышты сәттерде отбасымда жақын адамдарымның, достарымның ортасында болу керемет деп білемін.

- Сізге тосыннан сұрақ қойсақ, егер бір күндік суперқаһарман болсаңыз, нені өзгертер едіңіз?

-Әлемді бейбітшілік қана салтанат құратын тұрақты даму жолымен жүргізіп қояр едім. Барлық адам бақытты болуға лайықты!

-Рақымет!

Іргелі білім ордасы университетімізде тұлғалы жандар көп-ақ. Сондай жандардың бірі «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхана жетекшісінің міндетін атқарушы Ахатаев Нұрлыбек Ақарыстанұлымен сұхбаттасу біз үшін шынында да қызық көрінді. Игілігі молынан болған барыс жылымен қимай қоштасып, жаңа қоян жылына зор үмітпен қадам жасағалы тұрған сәтте Нұрлыбек Ақарыстанұлының әңгімесіне құлақ түрsek,

-Биылғы жыл керемет болды, себебі...

-Санаулы күндер ішінде 2022 жылды артқа қалдырып, күнтізбелік 2023 жылды қарсы алғалы отырмыз. Еліміз, ежелден «ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа»-деп келер жылдан үлкен үміттер күтіп, тек жақсылықтар тілеген. Тарихтағы айтулы оқиғаларды жасаған Барыс жылы көпшіліктің санасында ерекше естеліктерімен қалары сөзсіз. Себебі, 2022 жыл еліміздің саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық ахуалына айтарлықтай өзгерістер алып келді. Бұл жыл мен үшін оң өзгерістерімен есте қалды. Оның ішінде, басты оқиға сүйікті университетім биыл дүркіретіп 85 жылдығын атап өтті. Қорқыт баба жұртының қасиетті мекені саналған ордада бүгінде жаңашылдық басым. Өтіп бара жатқан жылға дән ризамын.

Мүмкіндіктер мекені – ENACTUS

Жылдың аяқталуына санаулы күндер қалды. 12 ай бойғы жұмысты қорытындылайтын сәт те жетті. Осы тұста, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің кәсіпкерлік орталығына қарасты Enactus Korkut ұйымына тоқталсам деймін.

ENACTUS – әлемнің 34 мемлекетінде құрылған, оқушылар, студенттер мен кәсіпкерлерді біріктіретін коммерциялық емес ұйым. Enactus Kazakhstan бағдарламасының миссиясы – инновацияларды игере алатын, кез келген мәселеден жаңа мүмкіндіктерді көре алатын және өмірді жақсарту үшін бизнес қағидаттарын пайдалана алатын кәсіпкерлік бағыттағы көшбасшылардың жаңа буынын тәрбиелеу. Тұрақты дамудың 17 мақсаты және экономикалық, экологиялық, әлеуметтік бағыттарды қамтитын халықаралық ұйымның жастарға берері мол. Әлем жастарын біріктіретін бағдарлама Қазақстанда да, оның ішінде біздің де білім ордамызда бар.

Enactus Korkut командасы қара шаңырағымызда 2014 жылы құрылған. Ал, 2017 жылы белсенді командалардың бірі атанып, бүгінгі күнде сол белсенділіктің ізін жалғаушы жаңа команда құрылды. Бастапқыда 10 адамнан құралған команда мамыр айында Астана қаласында ұйымдастырылған «ENACTUS KAZAKHSTAN NATIONAL EXPO – 2022» республикалық жобалар сайысында ІІ орын алып, 700 мың теңге иеленді. Дамуға, өзінді қалыптастыруға әрі жақын достар кездестіруге мүмкіндік беретін ұйым арқылы көшбасшылармен тығыз байланыс орната

алдық. Еліміздің белсенді студенттерін бір арнада тоғыстыру мақсатында Қарағанды қаласында білім беру лагері ұйымдастырылды. Біздің команда атынан 5 студент қатысты. Оқу жылының басында нақтырақ айтсам, 29 қыркүйек күні Әл-Фараби



атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Road show Enactus Kazakhstan» республикалық форумы қазан айында Сыр өңірінде жалғасын тапты. Қуантарлық жаңалық, форум аясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті және ENACTUS KAZAKHSTAN арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды. Өткен айда Алматы қаласында өткен республикалық «Business Collaboration

Forum» форумында Beeline компаниясының арнайы байқауына «Шеңбер» жобасын ұсындық. Нәтижесінде әлеуметтік жобалар арасынан І-орын иеленіп, 500 мың теңге қаржы ұттық.

Біздің жоба жасау, кәсіпкерлікті дамыту бағыты бойынша жігерлендіретін ENACTUS-тың ерекшелігі – әлемдік аренада өзінді сынауға мүмкіндік тудырады. Айта кетейік, осы жылғы ұлттық чемпиондарымыз С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті 30 қазан – 2 қараша күндері Пуэрто-Риконың Сан-Хуан қаласында өз жобаларын таныстырды. Нәтижесінде 32 мемлекеттің арасында алғашқы 16 елдің қатарына кірді. Тунис, Египет Канада, және Ұлыбритания ENACTUS командалары финалдық кезеңге өтті. Инновациялар мен студенттердің кәсіпкерлігіне бағытталған Enactus World Cup 2022 байқауында Египет Enactus командасы жеңімпаз атанды. Дәл осындай жетістіктерді көре отыра біздің командамыз да 2023 жылы ұлттық чемпион атануға дайындалуда.

Осы тұста біздің жұмысымызға, идеяларымызға қолдау білдірген Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Бейбіткүл Кәрімова ханымға және бағыт - бағдар берген жетекшіміз Жанарыс Алтынбекұлына алғысымызды білдіреміз!

Темірлан АБЖАНОВ
ОПД-20-1 оқу тобы

Университеттің 85 жылдығына орай Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы жанындағы «Журналист» үйірмесінің ұйымдастыруымен қаламгер, ҚР Журналистер одағының мүшесі Жүзбай Таңрықбаевтың шығармашылығына арналған «Үздік эссе» байқауы өтті.

«Үздік эссе» байқауының мақсаты – болашақ жас журналистердің шығармашылық қабілетін дамыту және жазу шеберлігін шыңдау, тұжырым жасап, ақпаратты сараптай алуға үйрету. Байқауға «Журналист» үйірмесінің мүшелері қатысты. Сайыста білім алушылар қаламгер Жүзбай Таңрықбаевтың шығармашылығына байланысты тақырыптар бойынша эссе жазды.

Нәтижесінде I орынды 3-курс студенті Ердәулет Қалиев иеленді. Байқауда I орынға – 50000 теңге (1-еу), II орынға – 20000 теңге (2-еу), III орынға – 10000 теңге (3-еу), ынталандыруға – 5000 теңгеден екі адам жүлдегер атанды.

(Жүзбай Таңрықбаев – редактор тақырыбы ізімен...)

Қазақ баспасөзі дамыған уақыттан бастап, елімізде газет журналдардың саны бірте-бірте арта бастады. Көпшілігінің бағыты ақпараттық-танымдық болғанымен саяси жүйеге негізделген мерзімді басылымдар да үнсіз отырмады. Сол жылдардағы журналистердің мәртебесі мен газеттердің құдіреті «төртінші билік» деген сөздің нағыз көрінісі болды. Ал, бүгінде журналистика саласында газет-журналдардың саны артқанымен оқылымы көңіл көншітпейді. Нағыз оқуға тұрарлық басылымдар некен-саяқ. Бірақ бүгінде оқырманға жол тартқанына 10 жылдан асып жығылған «Кәсіпкер келбеті» газеті өзінің нағыз айқын бағытын тауып, оқырмандары үшін барынша тұшымды мәліметтер шығаруда. Зейнет жасына жетіп, журналистикаға келген Жүзбай Таңрықбаев осы газетте басшылық етіп, оны үздіксіз шығарып келеді. Газет – кәсіпкерлерге арналған. Бірақ оны парақтай қалсаң, ішіндегі руханиятына тың азық болатын тақырыптар мен шығармалар болмыс-бітімді қатайтып, қоғамдағы түйткілді мәселелерге де үн қатып отыратынын оқи аламыз. Әзіл-әжуа арқылы шындық пен «жарамызды» түрте отырып, «емін» қоса баяндайтын шығармалар арасында қызығушылығыңды арттырып, осы басылымға деген құрметіңді асқақтатады екен.

ҚР Журналистер Одағының мүшесі Жүзбай Ибрагимұлы жазба әлемінде өз орнын тапқан қалам иесі деуге болады. Зейнетке шығып, мерзімді басылымға назар салмас бұрын елге қызмет етіп жүрген кезден-ақ, кітап жазып, ойында жүрген ойлы әңгімелерін оқырманға ұсынып үлгерген. Ең алғаш «Балалық шағым – балдәуренім» атты бала шақтан болашаққа басып өткен қадамы жайында тебіренген туындысы оқырманның өткенді еске алып, алдағы өміріне ой салмасына қоймайтын жинақ. Оның қаламынан Сыр жағасында туып, сырбаз атанған таланттар шоғыры жайында туған «Сыр саңлақтары» кітабы бүгінгі буынға мол азық болары анық. Өйткені тарих – ештеңемен теңестіруге келмейтін ұлы қазына. Редактор-жазушы мұнан бөлек

ЖАЗУҒА ДЕГЕН МАХАББАТЫ ЖАЗУШЫ ЕТТІ

«Өткен күндерден бір белгі», «Шуақты күндер», «Туған жерді ту еттім», «Елімнің күн сәулесіндей Астана», «Женіске жеткен жауынгерлер», «Сұлушаш», «Жайсаң жандар», «Тәуелсіз ел топжарғандары», «Тағдырлар тоғысы» атты кітабын жазып, ойлы оқырманның жүрегіне жол тартқан жазбаларды жинақтаған қаламгер. Әуезді ән – адамның көңіл күйін мың құбылтатын қасиетке ие. Ал проза – жан дүниенді дүр сілкіндіріп, оның қайта басылуына немесе қуаныш-қайғыға бөлейтін тылсым дүние. Қаламынан осындай қасиет тамыза отырып, шығармашылығын қағаз бетіне түсірген қаламгерді қалай асқақ демейсің?! Әр кітабына әр берген Жүзбай Ибрагимұлы қазақ баспасөзінде өзіндік имиджін қалыптастырған жазушы. Прозаик бола жүріп, қос басылымға басшылық жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қос басылымның екіншісі – «Кәсіпкер және мәдениет» журналы. Әр газет-журналы баспа әлемінде бір төбе саналатын басылымның ғұмыры он жастан асқан. Осы жасқа келген бала да өмірге деген құлшынысы артып, ізденіске түсіп, білмегенін білуге құмарланып тұрады. Сол секілді әлі де өз қатарластарынан оза шапқан газет-журнал оқырмандары арасында өз сүйкімін жоғалтпай келеді.

Жуырда ғана редактормен кездесіп, аз-кем тілдескен едім. Сол уақыт ішінде қарапайымдылықтың асқан үлгісін көрсете білген Жүзбай жазушы мені әдеби сөйлеуімен, өзіне деген сенімді болмысымен тәнті етті. Оқырманын газетке шұқшитарып қоятын шығармалары арасында бүгінгі күннің өзекті тақырыптарынан алынған. Жәй ғана қарапайым ақылды Алдар Көсе мен қу Қожанасырды сөйлете отырып, шындық пен саяси жүйенің шикілігін шығармаға айналдырып отыр. Ол да редактордың шеберлігін білдіреді. Одан бөлек, газетке жарияланған тағылымға толы ізгілік тұнған әңгімелер өз оқырманын жалықтырмайтыны сөзсіз. Бүгінде еліміздегі басты мәселе – сыбайлас-жемқорлық екені рас. Ал оны қаламына арқау етіп, шығармалар арқылы шымшыма әңгімеге айналдыру – өз алдына батылдықты қажет етеді. Жүзбай Таңрықбаев өзі редакторлық ететін басылымдарда осы сарындағы әңгімелерді жиі жазып, өмір жайында толғанып жүргенін байқаймыз.

Көркемсөз – аты айтып тұрғандай ерекше көркемдікті бойына сіңірген ұғым. Оны көсемсөзбен де байланыстыруға әбден болады. Көсемдік пен көркемдік бір арнада тоғысқан уақытта шығарманың мән-мазмұны келісіп, жұртшылықты бір шымырлатып алатын күшке ие. Мұндай құбылыс қарымды қаламгердің де шығармашылығында кездеседі. Оқи отырып тәнті болатын тұстар жетерлік. Тіпті тілінің уыты арқылы ойлы оқырманның өзегіне жететін жазба жарық көргенде газет келешегі мен болашағына нық сеніммен қарауға болады. Редактор бола жүріп, редакция құрамындағыларға жақсы басшы бола білу де – оңай іс емес екені ақиқат. Ал Жүзбай Ибрагимұлы – өз ортасынан бөлек, шығармашылық шыңына қанат қақтырып жүрген шәкірттері мен рухтас достарына, әріптестеріне бірдей көзбен қарайтын қайраткер. Редактор өз газетінен бөлек, өзге

де мерзімді басылымдарға өзекті сұқбат беріп, тапқыр жауабымен ерекшеленетін жан. Тұңғық тағдырына бойласақ, атқарған жұмыстары мен көптеген орында басшылық қызметте бой көрсетуінің өзі оның елге адал қызмет еткенін айқындайды. Айқындап ғана қоймай, құрметін арттырып, сыйын көтереді. Жүзбай Таңрықбаев бала арманына зейнетке шыққан шағында қол жеткізген жазушы. Автокөлік-механика саласында сан жылдар еңбек етіп, білімін осы бағытта жетілдірген журналист «ҚР Құрметті автокөлікшісі» медалін иеленді. 2013 жылы тұңғыш президент, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің Сыр еліне жасаған сапары кезінде онымен кездесіп, өз мекемесі атынан сөз сөйлеп, диалог құрған. Ол мұндай бақытты шағын шығармаларының өзегіне де айналдырған. Бұл да Таңрықбаевтің қатарластары арасынан оқ бойы озық екенінің бір көрінісі емес пе?! Жүзбай Ибрагимұлының осындай еңбектері еленіп, бүгінде «Ел ардақтысы» медалі, «Қорқыт ата атындағы Алтын медаль», «Бей-біт-шілік Әлемі» Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Алтын қыран» медалінің иегері атанып отыр. Міне, редактор-жазушы, прозаик, оңға жуық еңбектің авторы Жүзбай Ибрагимұлы жанкештілігі мен журналистикаға деген махаббатының биік болғанымен жұрт жадында қалары сөзсіз.

Түйін. Өмірге ештеңе кеш емес. Осындайда ойға алған дүниені жасамай өкінгеннен гөрі оны іске асырып, сабақ алған дұрысырақ дегенге саятын тәмсіл ойға келеді. Мұны біз Жүзбай Таңрықбаевтің редакторлық жолға келу кезеңіне дейін өткен ғұмырнамасынан ұғындық. Қаламға қанат бітіру арқылы жазба әлемінің өз-аңызына айналуға болады. Ол үшін Ұлы Абай айтпақшы, «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» қажет. Не болмаса, жәй ғана арманға тоқтаусыз қадам басу жеткілікті.

Ердәулет СӘРСЕНҰЛЫ
Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың
3-курс студенті

Білгенге маржан



-Қоян жаңбыр жауған кезде, құлақтарын жабады. Өйткені, құлаққа су кірсе, ол тұмаумен ауырып қалуы мүмкін.

-Адамдар оларды қорқақ және әлсіз деп ойлайды. Бірақ шын мәнінде, қояндар өз қарсыласын қатты жарақаттай алады.

-Иіс сезу және есту қабілеті жақсы дамыған. Бірақ, көздері нашар көреді.

-«Бір қоянға – жүз аңшы бар» деген мақалды барлығымыз білеміз. Қазіргі таңда, тек қана жылдам көбеюіне байланысты ғана, бұл жануарлар жойылып кетпеген.

-Қояндар біз ойлағандай зиянсыз жануар емес. Олардың өткір тырнақтары бар күшті артқы аяқтары – нағыз қорқынышты қару. Әрине, қоянның сипаты мынадай: олар тек тығырыққа тірелгенде ғана қорғанады. Әйтпесе, ол өзін қуған қауіптен барынша қашып құтылуға тырысады.

85 ЖЫЛДЫҚҚА АРНАУ!

Білгенге маржан

Қорқыт салған ұлы жолдың жалғасы,
Білім-ғылым, мәдениеттің ордасы.
85 жыл толды оқу орнына,
Қайнап шыққан қазанынан бар жақсы.

Өткел алып өрнекті өмір өрінен,
Көшіріліп келген корей елінен.
Пединститут болып алғаш ашылып,
Орын алған Сырдың сұлу төрінен.

«Сыр сұлуы» даңқы кетіп әлемге,
Сыр өлкесі тұнды ғажап өнерге,
Көрікті еткен сұлу Сырдың келбетін,
Университет тарихы тым тереңде.

Келешегін көркейтсем деп елінің,
Топырағын гүлдетсем деп жерінің.
Тереңіне сүңгіп жастар ілімінің,
Жағылды оты лаулап білім-ғылымның.

Мәскеу, Киев аттанды олар жан-жаққа,
Жақсы тәлім, терең ғылым алмаққа,
Жақсы істің жақсы болып аяғы,
Ғалым болып келді оралып аймаққа.

Талантымен тамсандырған талайды,
Айтқым келед Камардинов ағайды,
Пединституттың түп-тарихын айтқанда,
Бұл кісіден бар жақсылық тарайды.

Күні-түні еңбек етіп шаршамай,
Дәлелдеген жақсы ісін баршаға-ай.
Киевпенен келісім-шарт жасасып,
Еңбек еткен Камардинов қаншамай.

Барлығы да білім отын жандырған,
Әрбір ректор өз өрнегін салдырған.
Әр басшының қолы менен мөрі бар,
Ғасырлардан ғасырларға қалдырған.

Тоғысқандай мұхиттың қос арнасы,
Сабақтасып сәтті күндер жалғасы.
Қос қанатын сермегендей қыран құс,
Қосылды кеп қос білімнің ордасы!

Ынтымақтың артып биік ырысы,
Қарқын алды университет әр ісі.
Сырдың елін алты алашқа танытып,
Білім орда ашылды кең тынысы!

Кең танылған оқу орны бұл күнде,
Ажарланып, ашылып бір көркі де.
Мақтанады өзіңменен түлегін,

Аса зор құрметпен,
университеттің 1997 жылғы түлегі
Болат МАХМҰТОВ



-Қояндар - тамақ көзі. Қоян еті дәмді және қоректік ет болып табылады, бұл дұрыс метаболизмді сақтауға көмектеседі. Көбейту жылдамдығымен байланысты жануарлар тұрақты түрде етпен қамтамасыз ете алады. Сондықтан ежелгі уақытта қояндар шөлді аралдарда босатылып, кеме апатына ұшыраған жағдайда, құрбандар құтқаруды күтуге көмектесетін тамақ көзі болған. Қазіргі уақытта қоян етін өндіру жылына 200 млн. тоннаны құрайды. Көптеген қояндарды Мальта, Италия және Кипр тұрғындары тұтынады. Жылына 9 кг-нан 4 кг-ға дейін. Бұл өнімнің ең ірі өндірушілері - Қытай, Ресей, Италия.

-Қоянның көзі бастың екі жағында орналасқан, ол айналы 360 ° бұрышпен тікелей мұрынның алдында және құлағының артында соқыр аймақпен көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жануарға басын мүлдем бұрудың қажеті жоқ.

-Ақ қоянның жазда түсі сұрғылт қоңыр, қыста түгелдей аппақ болып түлейді.

-Құм қоян – қояндардың ішіндегі ең кішісі.

-Ор қоян – қояндардың ішіндегі ең ірісі. Түсі әр маусымда әр түрлі. Жазда және қысқа қарай құйрығында қара жолақ пайда болады.

емес қала таза, адамдар бір-біріне жылы қабақты. Қай жерде жүрсең де қазақтың ұлы жазушыларының тұлғалық бейнелері, ұтқыр сөздері, алдыңнан шыға келеді. Қызылордада адам өзінің қазақ екенін естен шығармайды, яғни ұмыта алмайды. Өйткені, айналада Абайдың нақыл сөздері, М.Жұмабаевтың жан дүниесі, Ш.Уәлихановтың өмірі, ескерткіштер, өсиет сөздер жаныңа демеу болып жүретіндей. Қаланың қай жерінде жүрсең де суретке түсіріп, Өзбекстанға туыстарыма, достарыма жіберіп, «мен осындай керемет жерде жүрмін» - деп мақтанамын. Маған қарап олар да Қызылорданы өз көздерімен көргісі келетіндей тамсанып отырады. Сыр елі экологиялық аймаққа жатады дейді. Анық-қанығын қайдам, бірақ мен үшін бұл қасиетті мекенге табан тіремеген жан бір айрықша құпияны білмейді. Мүмкін ойымды жеткізе алмайтын шығармын, бірақ киелі сыр топырағының адам бойындағы рухани құндылықтарын құнарландыра түсетін қазақтың тыңайтқышы сияқты тылсым күші бар.

-Сабақтан тыс уақытта немен айналысасыз, жастар орталықтарына барасыз ба?

-Бастапқыда біраз тосырқап: Не істеу керек? Бұл жерде уақытымды бекер өткіземін бе? - деп ойладым. Сабақтан соң Студенттер сарайындағы кітапханаға барып сабақ оқып, кітап қараймын.

Араласа келе білдім, Қорқыт Ата университетінде студенттердің өз уақытын тиімді өткізуі үшін жұмыс жасайтын 20-дан астам жастар ұйымдары ашылып, үлкен мүмкіндіктер жасалған болып шықты. Әртүрлі іс-шараларға қатысып өз білгенімді айтып, ортада болуға тырысамын. Жастар орталығында уақытты қызықты әрі әсерлі етіп өткізесің. Рас, әлі үйренерім көп...

Қорыта айтқанда, Қызылорда қаласына таңдау жасағанымға әлі де қуанамын. Осында жүргенім мені ерекше әсерге бөлейді.

-Әңгімеңізге рақымет!

Сыр өлкесіне табан тіремеген жан бір құпияны білмейді

Махамбетова
Гүлбахар
Бердярқызы



Махамбетова Гүлбахар Бердярқызы Өзбекстан Республикасы, Бостандық ауданы, Главасай ауылының тұмасы. Қазақстан жеріне келіп білім алуды жастайынан арман қылып, сол мақсатына жеткен Гүлбахар қазір Қорқыт Ата университетінің КЯЛ-22-3 тобының 1 курс студенті.

Міне, Сыр өлкесінде жүріп бір семестрді тәмамдаған кейіпкерімізбен әңгімеміз былайша өрбіді:

-Неліктен Қорқыт ата университетін таңдадыңыз, Сізді бұл университетте не қызықтырды?

-Иә, басында қиын болды. Бір шешімге келе алмай біраз қиналдым. Себебі, бір жақта болашағым, екінші бір жақта ата-анам. Олар әрине, қыз баласы болғандықтан алысқа жібергісі келмеді. Бірақ өзім әрдайым «Менің болашағым Қазақстанда» деп айтып жүргесін осында келіп оқуыма келісім берді.

Қорқыт Ата университетін әлеуметтік желіден біраз уақыт бақылап көрдім. Оқу орны туралы көптеген қызықты сәттер, сапалы білім беріп, жақсы тұлға болып қалыптасуға ерекше үлес қосатыны жайлы пікірлер баурап алды. Жалпы, мен осы университетке оқуға келгеніме өкінген емеспін.

-Өзіңіз оқып жатқан білім бағдарламаларынан алған әсерлеріңіз қандай?

Сүйікті оқытушыңыз, дәрісіңіз бар ма?

-Қызылорда қаласына бірінші рет келгенімде ешкімді танымаймын. Бөтен жер, бөтен ел біртүрлі ыңғайсыз. Қорқыныш әлде, алғашқы әсер. Бірақ Жанар Бимұратқызымен танысып, ол кісі анамдай жақын болып кетті. Мені алға қарай жетелеп, жол көрсетіп, бағыт - бағдар бере білді. Ешқандай танысым жоқ қалаға келгенімде алғаш қол ұшын созып «қызым» деп маңдайымнан сипаған қамқорлығы естен кетпес, сірә. Иә, содан соң сабаққа қатысып, жаңа достар тауып, оқытушылармен танысып жаңа өмірге қадам бастым. Ұстаздардың білім беру тактикалары маған қатты ұнады. Себебі, жәй ғана дәлелдеуді емес, тақырыпты талқылауды, талдауды үйретіп келеді.

-Жақын достар таба алдыңыз ба, кімдермен оңай тіл табысасыз?

-Өзім адамдармен араласуға келгенде ашық жарқын сөйлесіп, тез тіл табысып кететін адаммын. Әрине, достарым көп. Ең жақын достарым Меруерт, Гүлбану, Айсәулелермен мектеп қабырғасында жүргеннен дос болып, бәріміз бір университетке түсіп арамыз ажыраған емес. Қызылордаға келіп Ресейлік Аяжанмен танысып, достасып та үлгердік. Нұрай, Аруна, Дильназ, Қарақат, Аружан, Әсел, Гүлназ, Қасиеттер де жаныма жақын жандар.

-Қызылорда туралы ойыңызбен бөлісіңізші. Қандай артықшылықтар мен кемшіліктерге кезіктіңіз?

-Қызылорда дегенде көз алдыма басқаша жер, өзгеше ел елестететінмін. Бірақ өз көзіммен көргенде, әрине, ойымды өзгерттім. «Жүз рет естігенше, бір рет көру керек» деген сөз рас екен. Себебі, сырттан құлақтанғандай

ЖАТАҚХАНА - ЖАҢҒА ЖАЙЛЫ ТӘТТІ ҮЙІҢ

Адам өмірінің бал шағы – жастық кезең болса, студенттік өмірдің қызығы – жатақхана. Біздің университет жатақханасының ерекшелігі – мұндағы тұрғындар тек 1-ші курс студенттері. Жоғарғы курстан 10 студент жатақхана тұрғындарына бағыт-бағдар беріп, белсенділік өмірге тартамыз.

Енді жатақхана тіршілігіне оралсақ, алғаш келгенде студенттер қарапайым болса, қазір олардың ішінде топ жарып, көшбасшылық қасиетке ие, және де өздерінің білмейтін қырларын ашып жүргендері көптеп саналады. Бірқатары университетіміздің үздік белсенді студенттері қатарында.

Мұның барлығына жатақханадағы ыңғайлы жағдай, достық байланыстардың әсері мол екені сөзсіз. Өйткені, баспанамызда әрдайым көңілді жиындар, би кеші, акестик шоу, түрлі ойындар ұйымдастыруға кеңінен жағдай жасалған. Әр демалыс күндері түрлі ойындар өткізіп, ән кештерін жасап бас қосамыз. Осы ретте, 400 студентке аналық мейіріммен қамқор болып жүрген жанашырымыз Жанар Бимұратқызы жайында айтып өту қажет. Университетте әлеуметтік және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы қызметін атқаратын ол кісі үнемі ауызбіршілігімізді нығайтуға сеп болып, алға жетелеп, бағыт сілтеп отыратын жан. Бізге әрдайым «Кемедегілердің жаны бір» сондықтан бірге жүріңдер деп ақыл - кеңесін айтудан жалықпайды.



Міне, оқу жылының басталғанына да әпсәтте жарты жыл уақыт өтіпті. Сол арада неше түрлі қызықтарды басымыздан өткердік. Мақтана айтуға болады, бізде әншілер де, бишілер де, спортшылар да, домбыраның құлағында ойнайтын күйші жігіттер де, еріктілер де бар.

Ең алғашында жаңа оқу жылының ба-

сында студенттерді қарсы алу концерттік бағдарламасынан бастау алған іс-шараларымыз толассыз жалғасын тауып келеді. Студенттер күні мерекесінде жатақханадағы 5 қабаттың тұрғындары әр



ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлерін көрсетіп, ұлттық тағамдарын жасаудан жарыс өткіздік.

Қызықты күндердің бірі – университеттің Басқарма төрағасы - ректоры Каримова Бейбіткүл Сарсемханқызының қатысуымен мұғалімдер күніне орай «Сейхун» спорт кешенінде жатақхана студенттерімен бірге эстафеталық сайыстың өтуі. Бағалы сыйлықтар тігілген жарыста бас жүлде алған жатақхана студенттері өздерінің спорттық жағынан да мықты екенін дәлелдеді.

Сонымен қатар, 25 қазан Республика күніне байланысты өткен футбол турнирінде өзге жатақхана студенттерімен бақ сынасып, бесіншіліктер тағы да алдыңғы шептен көрінді. Ендігі үлкен мереке - Жаңа жыл мейрамының дайындығын бастап та кеттік.

Айта берсе, жетістіктеріміз де қызықтарымыз да таусылмастай. Әр сәтіміз есте қаларлықтай өтуде. Мұнан басқа жариялана бермейтін асханада піскен асты тығып қою, мұздатқыштағы тағамдарды алып кету, барымызды жинап бірге тамақ жасап, бір бөлмеде жиналып отыру секілді қайталанбас қызықты оқиғалар жатақхана қабырғасында, өз арамызда толып жатыр. Уақытында қиындық сияқты көрінгенмен, мұның барлығы кейіннен сағына еске алатын сәттерге айналатынын да түсінеміз. Мұны жатақхана өмірінің дәмін татқан кезкелген студент құптайтыны түсінікті. Егер студенттік шақтың қызықты сәттерінің куәсі болғыңыз келсе инстаграм парақшамыз: @lyudin –balasyndai

№5 жатақхананың студенттік кеңес төрағасы Нұрайым САҒНАДИНҚЫЗЫ Тпп-21-1 тобының студенті

ТҰҒЫРЛЫ ОРДАМ ЕҢСЕЛІ

Ғасыр қойнынан ерлікке толы жыр ескен, Өткен тарихым өшкен де емес бір естен. Болашағына үмітін артып боздақтар, Талай сындарда тәуекелмен тірескен. Мың бір машаһат көрсе де сонда мойымай, Бетпе-бет келіп қиындықтармен күрескен.

Құлпыртуды ойлап Қызылордадай мекенді, Жастарым ертен аңсамасын деп шетелді. Маңдайдың терін аямай төккен арыстар, Елім шаттанып, ерен еңбегі өтелді. Ертеңі үшін етіктерімен су кешіп, Білім орданың шаңырағын тік, көтерді.

Еселі үлес қосумен өткен ел жайлы, Білімін сенде шыңдаған ерлер елге әйгі. Көсемдер менен шешендер шыққан төр мынау, Байтақ даланың болашағын дөп болжайды. Әлемге мәшһур данышпандарды шығарып, Білім ордамыз керегесін кең жайды.

Бағындырып сан, жетістіктерді жеңсе ұлы, Ерекшелікпен елестетеді ел сені. Әлемге паш атың бар бүгін ардақты, Мен үшін сенсің бақыттың жалғыз өлшемі. Өзіңмен мәңгі мақтанып өтем Қорқытым, Білім ордамсың, тұғырлы ордамсың еңселі...

Жамбыл БАҚЫТӘЛІ
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті,
«Журналистика» мамандығының
3 курс студенті

Білгенге маржан



-Олар ұзын секіріс пен биіктіктегі чемпиондар. 1987 жылдан бастап Швецияда қояндық секіру жарыстары өткізілді. Жарыстың трассасы ат спортынан алынған. Қатысушылар оқыту деңгейі бойынша - бастаушыдан кәсіпқойларға дейін әртүрлі санаттарға бөлінеді. Қатысушылардың салмағы бойынша түрлі топтар да бар.

-Жоғары секірудің нәтижесі қара және ақ Мимрелунд Тезсенге тиесілі. 1997 жылы Данияның Хернинг қаласында өткен жарыста. Ал 1999 жылы Хорсенс қаласында (Дания) ұзындыққа секірген юбон Ябон атты қоян болған.

-Ең қымбат қоян әлемдегі ең көне қоян болды Флопация. Гиннестің рекордтар кітабына сәйкес, флопаци жабайы табиғатта ұсталып, меншік иелерімен 18 жыл және 10,7 ай тұрды. Бұл үй жануарлары 20 ғасырдың екінші жартысында (1964 жылы туылған)

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
Басқарма мүшесі-Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Жауапты редактор:

Раушан
Кенжетайқызы

Техникалық редактор:
Асқар
Алданышұлы

SYR TULEGI
student jastar gazeti

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп берілсе, сілтеме жасалуға міндетті.